

## **Академиялық саясат.**

### **2020/21 оқу жылының көктемгі семестрінде 1-курс студенттеріне арналған аралас оқыту форматы**

1. Оқытудың аралас форматы оқу сабақтарын өткізудің мынадай тәртібін көздейді:

- дәрістер – онлайн форматта
- семинар, зертханалық және практикалық сабақтар – санитарлық – эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, күндізгі форматта.

2. 2020/21 оқу жылының көктемгі семестрінде аралас формат барлық білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриаттың 1-студенттеріне қолданылады. Көктемгі семестрдің сабақтары 2 (курс) және одан жоғары курс студенттері үшін онлайн форматта өткізіледі.

3. Сабақтарды аралас өткізудің форматы университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітіледі (1-қосымша).

4. Бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес семестр 2021 жылғы 25 қаңтарда онлайн форматта басталады.

5. Аралас форматта оқу факультет студенттері үшін келесі кесте бойынша басталады:

- ХЭМ 2021 жылғы 01 ақпаннан;
- ГжГФ 2021 жылғы 08 ақпаннан;
- ХИ ҒБО 2021 жылғы 08 ақпаннан;
- ЭжМГФ, АТФ, БМ және МжК ҒБО үшін 2021 жылғы 15 ақпаннан бастап.

6. Оқытудың аралас форматы COVID-19, өкпе пневмониясы немесе басқа вирустық аурулардың белгілері бар студенттерді қоспағанда, барлық 1-курс студенттері үшін міндетті болып табылады. Аталған студенттер Сапаны қамтамасыз ету комитетінің рұқсатынан кейін қашықтықтан оқытуды жалғастыра алады. Бұл жағдайда растайтын анықтамалары бар белгіленген үлгідегі өтініш жазу (Uninet порталында «Өтініштер» модулінде қолжетімді <https://wsp.kbtu.kz/>) және [medcenter@kbtu.kz](mailto:medcenter@kbtu.kz) поштасына оқытудың аралас форматы басталғанға дейін 3 күннен кешіктірмей жіберу қажет (факультеттерге арналған оқу кестесіне сай).

7. Оқытушылар семестр басталғанға дейін оқу сабақтарының түрлерін аралас форматта бөлуді көрсете отырып, силлабусты қоса алғанда, пәндердің оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК) UNINET-ке және сабақтар өткізілетін платформаға (MsTeams, Google Classroom және т.б.) жүктеуге міндетті.

ПОӘК аралас форматты ескере отырып, студенттердің дербес жұмысын ұйымдастыру бойынша студенттерге арналған ұсынымдардан тұруы тиіс.

8. 1-курс студенттерінің оқу сабақтарына аралас форматта қатысуы міндетті болып табылады.

9. Оқытудың аралас форматында алдын алу шараларын қатаң түрде сақтау және санитарлық-эпидемиологиялық режімді (СЭР) қамтамасыз ету қажет:

1) Университет оқу ғимараттарында, Магистранттар мен студенттер үйінде, университет аумағында СЭР қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды:

- контактісіз термометрлермен, антисептигі бар санитайзерлермен міндетті жабдықтау, дезинфекциялау тоннельдерін орнату;
- семинар, практикалық және зертханалық сабақтар үшін сабақ кестесін құру кезінде аудиториялардың толымдылығы әлеуметтік қашықтықты ескере отырып, 40% – дан аспауы тиіс – 1 адамға 5 ш.м.;
- өзгермелі сабақ кестесін ұйымдастыруды қарастыру, аудиториядан тыс жерлерде студенттердің байланысу ықтималдығын жою.
- медициналық пункттердің жұмысын күшейтілген режімде қамтамасыз ету;
- СЭР есепке ала отырып, жатақханаларда білім алушыларды бөлу (қашықтықты сақтау, дезинфекциялау құралдарымен тұрақты өңдеу және т.б.);
- аудиторияға бетпердесіз келген студенттерге сабаққа қатысуға рұқсат бермеу.
- бұқаралық іс-шаралар өткізбеу және адамдардың жиналу ықтималдығын болдырмау, сабақтар аяқталғаннан кейін аудиториялардың уақтылы босатылуын бақылауды қамтамасыз ету.

*ҚБТУ қауіпсіздік қызметіне, Магистранттар мен студенттер үйіне, асханаға арналған жадынамалар 2-қосымшада.*

2) Оқытушылар міндетті:

- СЭР талаптарын қатаң сақтау және аудиториялардағы сабақтарда студенттердің СЭР сақтауын бақылауды жүзеге асыру;
- студенттерді аудиторияға бетпердесіз кіргізбеу;
- нақты бағалау саясатымен оқу пәнінің силлабусын әзірлеу;
- студенттердің назарына оқу сабақтарының форматы туралы ақпаратты жеткізу;
- сабақ кестесіне сәйкес күндізгі (оффлайн) форматта сабақтар және онлайн-сабақтар өткізу, білім алушылардың өзіндік жұмысын бақылау;
- білім алушылар үшін жеке кеңестер өткізу, тапсырмалардың орындалуын бақылау.

*СЭР сақтау бойынша ПОҚ үшін жадынама 3-қосымшада.*

3) Студенттер міндетті:

- СЭР талаптарын қатаң сақтау;
- оқу сабақтарына бекітілген сабақ кестесі бойынша қатысуға, университет ғимаратында тек сабақ уақытында болуға және сабақ аяқталғаннан кейін бірден ғимараттан шығуға;
- бекітілген академиялық саясатпен, ҚБТУ ішкі ережелерімен танысу;
- тапсырмаларды өз бетінше орындау, тапсырмаларды орындау кезінде Академиялық адалдық қағидаларын сақтау.

*Студенттерге арналған СЭР сақтау бойынша жадынама 4-қосымшада.*

**1-Қосымша**

**2020/21 оқу жылының көктемгі семестрінде 1-курс студенттеріне арналған сабақтарды аралас өткізу форматы (пәндер бойынша мәліметтер)**

*Онлайн режимдегі барлық дәріс сабақтары*

Пәндер бойынша сабақтарды өткізу форматы	Аралас оқу форматы
<b>Геология және геологиялық барлау факультеті</b>	
Геодезия топография негіздерімен (2/1/0)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар (тасымалданатын жабдық)
Оқу практикасы (геодезиялық)	Мамыр айында өткізіледі: практикалық бөлім - көшеде құрылғылармен, теориялық бөлім ҚБТУ ғимаратында
<b>Энергетика және мұнай-газ индустриясы факультеті</b>	
Мұнай-газ инжинирингіне кіріспе (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
<b>Математика және кибернетика ғылыми-білім беру орталығы</b>	
Алгебра (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Статистика (ФИТ) (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Calculus II (БШ) (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Calculus-II (ФИТ) (2/0/2)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Calculus-II (ГжГФ, ЭжМИФ, ХИ ҒБО) (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Programming on Python (1/0/2)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
<b>Химиялық инженерия ғылыми-білім беру орталығы</b>	
Аналитикалық химия (1/1/0)	ХФИ ғимаратында зертханалық жұмыстар
Химиялық инженерияға кіріспе (1/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Химия (1/0/2)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
<b>Ақпараттық технологиялар факультеті</b>	
Бағдарламалау принциптері II (2/0/2)	Онлайн форматтағы практикалық сабақтар, университет аудиторияларындағы кеңсе-сағаттар

Бағдарламалау принциптері I (ритейк) (2/0/2)	Онлайн форматтағы практикалық сабақтар, университет аудиторияларындағы кеңсе-сағаттар
<b>Бизнес мектеп</b>	
Financial Accounting (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Introduction to Finance (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Introduction to Management (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
Introduction to Excel (0/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар
<b>Пән-бастау факультеті</b>	
Физика 1 (1/1/1)	Онлайн форматтағы зертханалық сабақтар, университет аудиторияларындағы практикалық сабақтар
Физика 2 (1/1/1)	Онлайн форматтағы зертханалық сабақтар, университет аудиторияларындағы практикалық сабақтар
Дене шынықтыру (0/0/2)	Университет аудиторияларындағы шахмат секциясы; Қалған секциялар 2021 жылғы 10 наурыздан бастап күндізгі форматта МжСҮ спорт алаңында және т. б
Академиялық қазақ тілі (0/0/3)	Университет аудиторияларында 1 сағат практикалық сабақтар, 2 сағат – онлайн форматта
Іскерлік қазақ тілі (0/0/3)	Университет аудиторияларында 1 сағат практикалық сабақтар, 2 сағат – онлайн форматта
English 2 Advanced (C1) (0/0/3)	Университет аудиторияларында 1 сағат практикалық сабақтар, 2 сағат – онлайн форматта
English 2 Upper-Intermediate (B2) (0/0/3)	Университет аудиторияларында 1 сағат практикалық сабақтар, 2 сағат – онлайн форматта
English 2 Intermediate 2 (B1) (0/0/3)	Университет аудиторияларында 1 сағат практикалық сабақтар, 2 сағат – онлайн форматта
English 2 (0/0/3)	Университет аудиторияларында 1 сағат практикалық сабақтар, 2 сағат – онлайн форматта
English 2 Intermediate 1 (B1) (0/0/3)	Университет аудиторияларында 1 сағат практикалық сабақтар, 2 сағат – онлайн форматта
Қазақстанның қазіргі заман тарихы (2/0/1)	ҚБТУ аудиториясындағы зертханалық сабақтар

## ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІНЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

1. Білім алушылар, ПОҚ және ӘБҚ ағынының қарама-қарсы қозғалысын болдырмау мақсатында аймаққа бөлу жүйесін енгізу (университет ғимаратына арнайы кіру және шығу). Төле би көшесі жағынан БӨП арқылы айналма қозғалысты ұйымдастыру және Панфилов көшесі жағынан шығу арқылы ҚБТУ ғимаратына кіруді жүзеге асыру. Қызмет көрсетуші персоналдың кіруі-шығуы Қазыбек би көшесі жағынан БӨП арқылы жүзеге асырылады, ал қызметтік және жүк көлігінің кіруі-шығуы шлагбаум арқылы жүзеге асырылады.
2. Кіру-шығу жолдарында және дәліздерде қозғалыс бағыты көрсетілген ескерту тақтайшаларын ілу.
3. Кіре берісте көп адамның жиналуын болдырмаңыз.
4. Маска режимін қатаң сақтауды, температураны өлшеуді, қолды антисептикпен өңдеуді, дезинфекциялық туннель мен кілемше арқылы өтуді бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ ғимаратқа кірушілерге әлеуметтік қашықтық режимін (кемінде 2 метр қашықтық) және дөңгелек қозғалысты қатаң сақтау қажеттілігі туралы ескерту.
5. Респираторлық инфекция белгілері (қызба, жөтел, тамақтың ауыруы, тыныс алудың қиындауы) пайда болған кезде медициналық персоналға дереу хабарлау қажет.

## МЖСҮ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

1. Тұрғындар ағынының қарама-қарсы қозғалысын болдырмау мақсатында аймаққа бөлу жүйесін енгізу (МЖСҮ ғимаратына арнайы кіру және шығу).
2. Кіру-шығу орнында және дәліздерде қозғалыс бағыты көрсетілген ескерту тақтайшаларын ілу.
3. Тиісті журналда білім алушылардың МЖСҮ-нен кіруі мен шығуын тіркеу.
4. Кіру және шығу кезінде көп адамның жиналуын болдырмау.
5. Маска режимін қатаң сақтауды, температураны өлшеуді, қолды антисептикпен өңдеуді, дезинфекциялық туннель мен кілемше арқылы өтуді бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ ғимаратқа кірушілерге әлеуметтік қашықтық режимін (кемінде 2 метр қашықтық) және дөңгелек қозғалысты қатаң сақтау қажеттілігі туралы ескерту.
6. Білім алушыларға тек сабаққа қатысу үшін және аса қажет болған жағдайларда жатақханадан шығуға рұқсат етілсін.
7. Жатақханаларға бөгде адамдардың кіруіне жол берілмейді.
8. Дәретханаларда, қол жуатын және тұрмыстық бөлмелерде дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үнемі ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу.
9. Температурасы қалыпты деңгейден жоғары адамдар анықталған жағдайда ҚБТУ медицина қызметінің қызметкерлеріне хабарлау.

## АСХАНАҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

1. Асхананың толымдылығы отыратын орындардың жобалық қуатынан 30% артық емес;
2. Үстелдерді, орындықтарды және өзге де құрал-жабдықтарды орналастыруды үстелдер арасындағы және келушілер арасындағы кемінде 2 метр қашықтықты қамтамасыз етуді ескере отырып жүргізеді;
3. Ауа температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және кондиционерлеу жүйелерін тазалау, жуу, дезинфекциялау, ауыстыру.
4. Кварц, бактерицидті шамдарды немесе ауа рециркуляторларын пайдалана отырып, ауаны залалсыздандыруды жүргізу.
5. Келушілердің қозғалысын бағыттау үшін еденге тиісті белгілер, қоршаулар мен тосқауыл таспаларын салу арқылы әлеуметтік қашықтықтың сақталуын қамтамасыз ету, адамдардың жиналуы мүмкін жерлерге жол бермеу, кіретін және шығатын адамдардың қозғалыс ағынын бөлу мүмкіндігін қарастыру.
6. 2 метрден кем емес қашықтықты сақтай отырып, 5 адамнан артық кезек құруға жол бермеу.
7. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ететін жауапты қызметкерді бекіту.
8. Жедел респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) және басқа да инфекциялық аурулар пайда болған жағдайда жұмыскерлерге ғимаратқа кіруге жол бермеу.
9. Асхана қызметкерлерінің келушілерге бір рет қолданылатын маскаларда (маскаларды 2-3 сағатта кемінде 1 рет ауыстыру) қолды жиі өңдей отырып қызмет көрсетуін қамтамасыз ету.
10. Қызметкерлердің күшейтілген дезинфекциялық режимді сақтауын қамтамасыз ету: әр сағат сайын арнайы дезинфекциялық құралдармен үстелдер, орындықтар өңделеді.
11. Буфет өнімдерін жеке қаптамада шығаруды жүзеге асыруды қамтамасыз ету.
12. ҚБТУ Әкімшілігінің келісімі бойынша тамақтану аяқталғаннан кейін (адам ағыны арасында) түскі ас залын жинау және дезинфекциялау үшін кемінде 40 минут үзіліспен асхананың жұмыс режимі белгіленсін.
13. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үй-жайларды желдетуді және ылғалды тазалау жұмыстары жүргізіледі.

**ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМҒА АРНАЛҒАН  
ЖАДЫНАМА**

1. Дене температурасының міндетті кіріс бақылауы.
2. Маска режимін қатаң сақтаңыз. Университет ғимаратында болған кезде масканы шешпеңіз. Масканы әр 3 сағат сайын ауыстырыңыз.
3. 2 метр қашықтықты сақтаңыз;
4. Сабақ өткізу кезінде аудитория ішінде қозғалыста жүруге тыйым салынады.
5. Қолыңызды антисептикпен немесе антисептикалық майлықтармен мүмкіндігінше жиі сүртіңіз, сабынмен жуыңыз;
6. Бір рет қолданылатын майлықтарды алып жүріңіз, оларды тұтқалар мен таяныштарға қол тигізгенде қолданыңыз;
7. Бір рет қолданылатын қолғапты қолданыңыз;
8. Жөтелгенде және түшкіргенде міндетті түрде ауыз бен мұрынды салфеткамен жабыңыз, пайдаланғаннан кейін жұмарлап, қоқыс жәшігіне тастаңыз.
9. Адамдардың кез келген топтасуынан аулақ болыңыз, мүмкіндігінше қоғамдық көлікті пайдаланудан аулақ болыңыз;
10. Мүмкіндігінше қол ұстасудан аулақ болыңыз;
11. Жұмыста қажет телефонды, көзілдірікті, ноутбукты құрамында алкоголь бар майлықтармен өңдеңіз.
12. Кабинетті әр 4 сағат сайын 15-20 минуттан желдетіңіз;
13. ЖРВИ белгілері (қызба, жөтел, тамақтың ауыруы, тыныс алудың қиындауы) өзіңізде немесе студентте пайда болған жағдайда медициналық персоналға немесе деканатқа дереу хабарлауыңызды сұраймыз.

**СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА**

1. Дене температурасының міндетті кіріс бақылауы.
2. Маска режимін қатаң сақтаңыз. Университет ғимаратында болған кезде масканы шешпеңіз. Масканы әр 3 сағат сайын ауыстырыңыз.
3. 2 метр қашықтықты сақтаңыз;
4. Қолыңызды антисептикпен немесе антисептикалық майлықтармен мүмкіндігінше жиі сүртіңіз, сабынмен жуыңыз;
5. Бір рет қолданылатын майлықтарды алып жүріңіз, оларды тұтқалар мен таяныштарға қол тигізгенде қолданыңыз;
6. Бір рет қолданылатын қолғапты қолданыңыз;
7. Жөтелгенде және түшкіргенде міндетті түрде ауыз бен мұрынды салфеткамен жабыңыз, пайдаланғаннан кейін жұмарлап, қоқыс жәшігіне тастаңыз.
8. Адамдардың кез келген топтасуынан аулақ болыңыз, мүмкіндігінше қоғамдық көлікті пайдаланудан аулақ болыңыз;
9. Мүмкіндігінше қол ұстасудан аулақ болыңыз;
10. Жұмыста қажет телефонды, көзілдірікті, ноутбукты құрамында алкоголь бар майлықтармен өңдеңіз.
11. ЖРВИ белгілері (қызба, жөтел, тамақтың ауыруы, тыныс алудың қиындауы) пайда болған жағдайда медициналық персоналға немесе деканатқа дереу хабарлауыңызды сұраймыз.